

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бельгия Корольдігінің Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімді ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 293 Заңы

Брюссельде 2006 жылғы 5 желтоқсанда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бельгия Корольдігінің Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісім ратификациялансын.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бельгия Корольдігінің Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімді ратификациялау туралы  
КЕЛІСІМ**

**(2016 жылғы 1 ақпанда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2016 ж., № 2, 33-құжат)**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бельгия Корольдігінің Үкіметі,

екі ел арасындағы сауда қатынасын дамыту үшін анағұрлым қолайлы жағдайлар және жүктер мен жолаушылар тасымалы үшін қанағаттанарлық жағдайлар жасауға деген ұмтылысты басшылыққа ала отырып;

жүктер мен қызметтерді еркін өткізуге, сондай-ақ адамдардың еркін қозғалуына ықпал ететін халықаралық интеграция процесін назарға ала отырып;

Тараптар мемлекеттері бір уақытта қатысушылары болып табылатын қоршаған ортаны қорғау және жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелерді ескере отырып,

өзара көмек, ынтымақтастық және өзара тиімділік негізінде осы мәселелерді реттеуге ниет білдіре отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

**I бөлім. Жалпы ережелер**

**1-бап**

**Қолдану аясы**

1. Осы Келісімнің ережелері Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арасында, олардың мемлекеттерінің аумақтары арқылы транзитпен, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің бірінің аумағында тіркелген тасымалдаушылар үшінші елдерге немесе үшінші елдерден жалға алу бойынша, сыйақы үшін немесе өз есебінен жүзеге асыратын жүктер мен жолаушылардың халықаралық автомобиль тасымалдарына қолданылады.

2. Осы Келісім Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

## **2-бап**

### **Анықтамалар**

#### **К е л і с і м                    м а қ с а т ы н д а :**

1. "Тасымалдаушы" термині Тарап мемлекетінің аумағында тіркелген және ұлттық заңнамаға сәйкес жалға алу бойынша, сыйақы үшін немесе өз есебінен жүктердің немесе жолаушылардың халықаралық автомобиль тасымалдарын тіркелген елінде жүзеге асыруға заңды түрде рұқсат етілген тұлғаны (заңды тұлғаны қоса алғанда) б і л д і р е д і .

2. "Көлік құралы" термині Тараптардың бірінің мемлекетінің аумағында тіркелген автокөлік құралын немесе олардың ішінде ең болмағанда автокөлік құралы Тараптардың бірінің мемлекетінің аумағында тіркелген және тек жүктер немесе жолаушылар тасымалы үшін пайдаланылатын және жабдықталған көлік құралдарының ж и ы н т ы ғ ы н б і л д і р е д і .

3. "Автобус" термині өзінің құрылымы мен жабдықталуы жағынан жүргізушіні қоса алғанда, тоғыздан астам жолаушыларды тасымалдауға арналған және жарамды көлік қ ұ р а л ы н б і л д і р е д і .

4. "Тасымал" термині көлік құралының, тіркеменің немесе жартылай тіркеменің жол жүруінің бір бөлігі темір жолмен немесе су көлігімен жүзеге асырылса да, тиелген немесе бос көлік құралының автомобиль жолымен жүруін білдіреді.

5. "Тұрақты тасымалдар" термині жолаушыларды отырғызу мен түсіру алдын-ала белгіленген пункттерде жүзеге асырылатын, белгіленген қозғалыс жиілігімен және белгіленген бағыты бойынша жолаушыларды автобуспен тасымалдауды білдіреді. Тұрақты тасымалдар алдын-ала белгіленген кестеге және тарифтерге сәйкес жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда брондау шарты кезінде тұрақты тасымалды барлық ж о л а у ш ы л а р п а ы д а л а н а а л а д ы .

6. "Маятниктік тасымалдар" термині алдын-ала ұйымдастырылған жолаушылар топтары тек бір ғана жөнелту пунктінен тек бір ғана жеткізу пунктіне екі жақты қатынаста автобуспен бірнеше рет тасымалдауды білдіреді. Бір бағытта жол жүруді жүзеге асыратын жолаушылардан тұратын әрбір топты жөнелту пунктіне бір ғана

тасымалдаушы кері тасымалдайды. Жөнелту пункті мен жеткізу пункті әрбір жағдайда 50 км радиустағы жақын аумақтармен бірге, тиісінше сапар басталатын пунктті және сапар аяқталатын пунктті білдіреді.

Маятниктік тасымалдарды жүзеге асыру кезінде жол жүру уақытында жолаушыларды отырғызу немесе түсіру жүргізілмейді.

Маятниктік тасымалдар кезінде кері бағыттағы алғашқы сапар мен жөнелту пунктінен жасалатын соңғы сапар жолаушыларсыз жүзеге асырылады.

"Тұрағы бар маятниктік тасымалдар" көліктік қызмет көрсетуге қосымша жолаушылардың ең болмағанда 80%-ы үшін жеткізу пунктінде және қажет болған кезде жол жүру кезінде тамақтанумен қоса немесе онсыз тұруды қамтиды. Жолаушылар жеткізу пунктінде кемінде екі тәулік аялдайды. Тұрағы бар маятниктік тасымалдарды тек белгілі бір тапсырыс берушінің атынан әрекет ететін тасымалдаушылар тобы жүзеге асыруы мүмкін және жолаушылар:

басқа тасымалдаушымен сол топтың құрамында кері қарай немесе; осы топты "жол-жөнекей" жеткізетін басқа тасымалдаушымен сол топтың құрамында еріп жүре алады.

7. "Тұрақты емес тасымалдар" термині не тұрақты тасымалдар, не маятниктік тасымалдар анықтамасына кірмейтін Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арасындағы автобус тасымалдарын білдіреді. Тұрақты емес тасымалдар:

а) турлар, яғни әрбір топ жөнелту пунктіне кері жеткізілгенде бір ғана көлік құралы бір немесе одан артық жолаушылар топтарын тасымалдау үшін пайдаланылатын автобустармен тасымалдарды;

б) жолаушылар осы сапар барысында жөнелту пункттеріне кері жеткізілмейтін, жолаушылар топтары үшін жүзеге асырылатын автобус тасымалдарын;

с) жоғарыда көрсетілген өлшемдерге сәйкес келмейтін автобус тасымалдарды, яғни қалған басқа автобус тасымалдарды қамтиды.

8. "Өз есебінен тасымалдау" термині:

а) жолаушылар тасымалы жағдайында, тасымалдаушының коммерциялық емес және пайда табу емес мақсатында тасымалдауды мынадай шарттарда жүзеге асыруын білдіреді:

тасымалдау тасымалдаушының көмекші қызметі ғана болғанда, пайдаланылатын көлік құралдарын тасымалдаушыға тиесілі немесе жалдау немесе лизинг туралы келісім-шарттардың талаптары бойынша олардың иелігінде болғанда және тасымалдаушының қызметкерлерімен немесе тасымалдаушының қызметкерлері басқарғанда;

б) жүк тасымалы жағдайында, тасымалданатын жүк тасымалдаушының меншігі болғанда немесе тасымалдаушы оны сатқанда, сатып алғанда, жалға бергенде немесе жалға алғанда, өндіргенде, алғанда, қайта өңдегенде немесе қалпына келтіргенде. Тасымалдаушыға тиесілі жақын жатқан аумағы бар ғимаратқа немесе одан жүкті

тасымалдау, сондай-ақ тасымалдаушыға тиесілі жақын жатқан аумағы бар ғимарат ішінде немесе өзінің мұқтажы үшін оның сыртына тасымалдау мақсаты болып табылады. Осындай тасымалдар үшін пайдаланылатын автокөлік құралын тасымалдаушының қызметкерлері немесе тасымалдаушының өзі басқаруы тиіс және тасымалдаушыға тиесілі немесе жалдау не лизинг туралы келісім-шарт талаптары бойынша оның иелігінде болуы тиіс. Тасымалдар тасымалдаушының көмекші қызметі болуы тиіс.

#### 9. "Құзыретті органдар" термині:

- а) Қазақстан Республикасының тарапынан - Көлік және коммуникация министрлігін ;
- б) Бельгия Корольдігі тарапынан - Федералдық мемлекеттік мобильділік және көлік қызметін білдіреді .

Тараптар құзыретті органдардың атауларындағы және/немесе құзыреттеріндегі кез-келген өзгерістер туралы бір-бірін дипломатиялық арналар бойынша хабардар етеді .

### 3-бап

#### Нарыққа қол жеткізу

Әрбір Тарап екінші Тарап мемлекетінің аумағында тіркелген тасымалдаушыға әрбір Тарап мемлекетінің құзыретті органдары беретін рұқсатты алған жағдайда:

- а) өзінің аумағындағы кез-келген пункт пен осы аумақтан тыс орналасқан кез-келген пункт арасында ,
- б) өзінің аумағы арқылы транзитпен кез-келген жүк немесе жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

### 4-бап

#### Салмағы және көлемдері

1. Көлік құралының салмағы мен көлемдері көлік құралының ресми тіркелуіне сәйкес болуы тиіс және тасымалдар жүзеге асырылатын мемлекетте қолданыстағы нормалардан аспауы тиіс .

2. Егер осы Келісімнің ережелеріне сәйкес тасымалдарды жүзеге асыратын, тиелген немесе бос көлік құралының салмағы мен көлемдері екінші Тарап мемлекетінің аумағында рұқсат етілген нормалар шегінен артық болса, құзыретті органдар берген арнайы рұқсат талап етіледі.

### 5-бап

#### Ұлттық заңнаманы сақтау

Тараптар мемлекеттерінің көлік құралдарының тасымалдаушылары мен экипаждары екінші Тарап мемлекетінің аумағында болғанда осы мемлекеттің қолданыстағы заңнамасын сақтауға міндетті.

## **6-бап**

### **Бұзушылықтар**

Тарап мемлекетінің тасымалдаушысы осы Келісімнің ережелерін кез-келген бұзған жағдайда, аумағында бұзушылық орын алған Тарап мемлекетінің құзыретті органы өзінің сот талқылауын жүргізу құқығын сақтай отырып, екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органын бұл туралы хабардар ете алады, ол екінші Тарап мемлекетінің аумағында тасымалдарды жүзеге асыруға берілген рұқсаттың күшін жоюды немесе тыйым салуды қоса алғанда, ұлттық заңнамада көзделген шараларды қабылдайды. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары қабылданған шаралар туралы бір-бірін хабардар етеді.

## **7-бап**

### **Қазыналық мәселелер**

1. Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес тасымалдарды жүзеге асыру кезінде пайдаланатын көлік құралдары, олардың қосалқы бөлшектерін қоса алғанда, көлік құралдарын пайдаланылатын немесе иелік еткені үшін алынатын салықтар мен а л ы м д а р д а н    ө з а р а    б о с а т ы л а д ы .

2. Отынға салынатын салықтар мен алымдар, тасымалдарға арналған қосымша құнға салынатын салық (ҚҚС), жол жүру төлемі мен жолдарды пайдаланғаны үшін салықтар, сондай-ақ осы Келісімнің 4-бабында көзделген арнайы рұқсатқа салынатын салықтар Тараптар мемлекеттерінің аумағында қолданыстағы заңнамаға сәйкес а л ы н а т ы н    б о л а д ы .

3. Өндіруші зауыттың көлік құралы үшін көзделген қарапайым бақтағы және көлік құралының жұмысына немесе жылыту не салқындату қондырғыларын жұмысына арналған отын, сондай-ақ көлік құралындағы болатын және көлік құралын пайдалану кезінде ғана қолдануға арналған жанар-жағармай кедендік алымдар мен кез-келген басқа да салықтар мен баждардан өзара босатылады.

4. Бұрын әкелінген көлік құралын жөндеуге арналған қосалқы бөлшектерді импорттық баждар мен басқа да салықтарды төлеусіз әрі әкелуге тыйым салусыз немесе оны шектеусіз уақытша әкелуге рұқсат етіледі. Ауыстырылған қосалқы бөлшектер кедендік тазалаудан өтуге тиіс, кері әкетілуге немесе кеден органдарының қадағалауымен жойылуға тиіс.

## 8-бап

### Бірлескен комиссия

1. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары осы Келісімнің ережелерін іске асыруға және қолдануға қатысты кез-келген мәселелерді реттейді.

2. Осы мақсатта Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары Бірлескен комиссия құрады.

3. Бірлескен комиссия Тараптар мемлекеттерінің бірінің құзыретті органының өтініші бойынша Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында кезекпен шақырылады және автокөлік қауымдастықтарының өкілдерін шақыра алатын Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының өкілдерінен тұрады.

4. Бірлескен комиссия екі Тараптың делегация басшылары берген құзыретіне сәйкес ережелерін және рәсімдерін жасайды. Мәжіліс қорытындылары бойынша Тараптар делегацияларының басшылары қол қойған хаттама ресімделеді.

5. Бірлескен комиссия осы Келісімнің 3-бабына сәйкес рұқсат түрі мен саны және автокөлік нарығына қол жеткізудің шарттары туралы шешім қабылдайды. Осы Келісімнің 12-бабы 2-тармағының ережелеріне қарамастан Бірлескен комиссия рұқсат талап етілмейтін тасымалдардың қосымша түрлеріне бастамашылық жасай алады.

6. Бірлескен комиссия мынадай мәселелерге ерекше мән береді: өзгелерден басқа, экологиялық аспектілерді ескере отырып, Тараптар мемлекеттерінің арасындағы тасымалдардың үйлесімді дамуына;

автокөлік саясатын, көлік заңнамаларын үйлестіруге және Тараптардың оларды ұлттық және халықаралық деңгейде іске асыруына;

автокөлік операциясына әсер ететін қоғамдық тәртіпті сақтау мәселесін қоса алғанда, тиісті мемлекеттік органдар үшін әсіресе фискалдық, әлеуметтік, кеден және экологиялық салаларда туындайтын проблемаларды шешудің ықтимал жолдарын қарастыруға ;

тиісті ақпарат алмасуға ;

салмақ пен көлемдерді белгілеу әдістеріне;

автокөлік кәсіпорындары мен мекемелерінің арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ;

оларды жүзеге асыруға қатысты барлық мәселелерді қоса алғанда, мультимодальды тасымалдарды дамытуға.

### II бөлім. Жолаушы тасымалдары туралы ережелер

## 9-бап

### Тұрақты тасымалдар

1. Тұрақты тасымалдарға рұқсатты беруге арналған өтінімдер жөнелту пункті аумағында орналасқан Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарына жіберіледі.

2. Рұқсат беру туралы шешімді Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары бірлесіп қабылдайды. Оларды екі Тарап мемлекеттерінің құзыретті органдары береді және олардың әрқайсысы өз аумақтары үшін жарамды.

3. Өзгеден басқа, мынадай жағдайларда:  
егер өтінім беруші өзінде бар құралдармен өтінімде көрсетілген тасымалды қ а м т а м а с ы з е т е а л м а с а ;

егер өтінім беруші бұрын автомобиль тасымалдарына қатысты ұлттық немесе халықаралық заңнама талаптарын, атап айтқанда халықаралық автомобиль жолаушылар қатынасы үшін рұқсат беру жүйесіне қатысты шарттар мен талаптарды орындамаса немесе жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатысты заңнаманы, атап айтқанда көлік құралдарын жүргізушілердің еңбек және демалыс режиміне қолданатын ережелерге қатысты өрескел бұзушылықтары болса;

рұқсатты қайта алуға арналған өтінімде бұрынғы рұқсаттың шарттары орындалмаған жағдайда рұқсатты алудан бас тартылуы мүмкін.

4. Рұқсат беру туралы шешімді құзыретті органдар өтінімді алған күннен бастап үш а й і ш і н д е қ а б ы л д а й д ы .

5. Рұқсат үш айға дейінгі мерзімге беріледі және құзыретті органның өтініші б о й ы н ш а ұ з а р т ы л у ы м ү м к і н .

6. Рұқсат немесе Тарап мемлекетінің құзыретті органы куәландырған оның көшірмесі көлік құралын жүргізушіде болуы тиіс.

## **10-бап**

### **Маятниктік тасымалдар**

1. Егер тұрағы бар маятниктік тасымалдарды жүзеге асыру кезінде жөнелту пункттері Қазақстанда немесе Бельгияда орналасса, қазақстандық немесе бельгиялық тасымалдаушылар жүзеге асыратын осындай тасымалдарға рұқсат талап етілмейді.

2. Тұрағы жоқ маятниктік тасымалдар тұрақты тасымалдар болып есептеледі.

3. Осы Келісімнің 1-тармағында айтылған маятниктік тасымалдар үшін жолаушылардың толық тізімі болуы қажет.

## **11-бап**

### **Тұрақты емес тасымалдар**

Тұрақты емес тасымалдарға рұқсат талап етілмейді. Көлік құралын жүргізушіде жолаушылардың толық тізімі болуы тиіс.

8-бапта көрсетілген Бірлескен комиссия осы жолаушылар тізімінің нысанын белгілейді.

### III бөлім. Жүк тасымалдары туралы ережелер

#### 12-бап

#### Рұқсат алудың шарты

1. Жүктерді тасымалдауға арналған рұқсаттар 1 (бір) жол жүруге (баруға және кері қайтуға) арналған рұқсаттар квотасы шегінде және/немесе бірнеше рет жол жүруге арналған рұқсаттар квотасы шегінде беріледі және әрбір күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап 13 ай ішінде жарамды болады. Рұқсат көлік құралын жүргізушіде б о л у ы т и і с .

2. Тасымалдаушыға берілген рұқсат тек өзі үшін ғана жарамды және де үшінші т ұ л ғ а л а р ғ а б е р і л м е й д і .

3. Рұқсат тек қана бір көлік құралы үшін пайдаланыла алады.

4. 8-бапта аталған Біріккен комиссия квотаны, рұқсаттың санаттарын (баруға және қайтуға немесе уақытша жүруге) және рұқсаттың қолданылуын реттейтін басқа ж а ғ д а й л а р д ы б е л г і л е й д і .

5. Тасымалдардың немесе осындай тасымалдарға байланысты орындалатын бос жүрістердің м ы н а д а й т ү р л е р і н е р ұ қ с а т т а л а п е т і л м е й д і :

a) тіркемелерді қоса алғанда жалпы рұқсат етілген салмағы 6 тоннадан аспайтын немесе тіркемелерді қоса алғанда рұқсат етілген жүккөтергіштігі 3,5 тоннадан аспайтын автокөлік құралдарымен жүк тасымалдау;

b) тасымалдау бағыты өзгерген жағдайда, әуежайларға немесе әуежайлардан жүктерді т ұ р а қ с ы з т а с ы м а л д а у ;

c) бұзылған немесе ақаулы көлік құралдарын тасымалдау және бұзылған көлік құралдарын ж ө н д е у ү ш і н т а с ы м а л д а у ;

d) бос жүк көлік құралының басқа елге бұзылған көлік құралын айырбастауға жіберілген бос жол жүрісі, сондай-ақ бұзылған көлік құралын жөндегеннен соң кейін қ а р а й ж о л ж ү р у і ;

e) тірі жануарларды осы мақсатқа арнайы арналған немесе тірі жануарларды тасымалдауға қайта жабдықталған және Тараптар мемлекеттерінің тиісті билік орындары осындай деп таныған арнайы көлік құралдарында тасымалдау;

f) мұхит лайнерлері мен ұшақтарға арналған жабдықтарды және қосалқы б ө л ш е к т е р д і т а с ы м а л д а у ;

g) төтенше жағдайда, әсіресе табиғи апат салдарын жою үшін қажетті медициналық жарақтар м е н ж а б д ы қ т а р д ы т а с ы м а л д а у ;

h) жәрмеңкелерге, көрмелерге немесе коммерциялық емес мақсаттарға арналған өнер т у ы н д ы л а р ы м е н з а т т а р ы н т а с ы м а л д а у ;

i) коммерциялық емес мақсаттар үшін декорацияларды, театр, музыка,



кинематографиялық, спорттық және цирктік қойылымдары мен іс-шараларын, жәрмеңкелер мен мерекелерін өткізу орнына деректемелер мен жануарларды, сондай-ақ радио-жазулар немесе кинотеледидар түсірулеріне арналған заттарды т а с ы м а л д а у ;

ж) қайтыс болғандардың денелерін немесе мәйіттерін тасымалдау;

к) мемлекеттік қызметтер шеңберінде жүзеге асырылатын почта жөнелтімдерін т а с ы м а л д а у .

6. Рұқсат жол жүруге дейін толтырылуы тиіс. Басқа Тарап мемлекетінің аумағына кіру кезінде, рұқсат бланкісінде құзыретті органдар өкілінің мөрі қойылуы тиіс. Шекараны кесіп өтер алдында басқа мемлекет Тарабының құзыретті органдарының өкілі жоқ жерде, жүргізуші рұқсаттың тиісті бағанында сиямен шекараны кесіп өткен жерді, күнді және уақытты жазуы тиіс.

7. Осы Келісімнің 4-бабының 2-тармағына сәйкес салмағы мен көлемі Тарап мемлекетінің аумағында рұқсат етілген нормалардан артық жүкті тасымалдайтын көлік құралы арнайы рұқсат алуға арналған өтінім мыналарды қамтуы тиіс:

1) тасымалдаушының атауы және мекен-жайы;

2) көлік құралының маркасы мен түрі, нөмірлік тіркеу белгісі;

3) білік саны және біліктер арасындағы қашықтық;

4) көлік құралының көлемі және салмағы;

5) жүккөтергіштігі;

6) жүктің көлемі және салмағы;

7) егер қажет болса, жүгі бар көлік құралының сызбасы;

8) әр білікке түсетін жүктеме;

9) тиеу және түсіру орнының мекен-жайы;

10) жоспарланып отырған шекарадан өту орны және күні, сондай-ақ бағыты.

#### **IV бөлім. Қорытынды ережелер**

##### **13-бап**

1. Осы Келісімге барлық өзгерістер мен толықтыруларды Тараптар осы Келісімнің 14-бабының 1-тармағында көзделген тәртіппен күшіне енетін және осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын хаттамалар түрінде ресімдейді.

2. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде туындаған даулар мен келіспеушіліктер Бірлескен комиссияның отырысында қаралатын болады.

3. Осы Келісімді орындау барысында туындайтын шығыстарды Тараптар, егер әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмесе, Тараптардың ұлттық заңнамаларында көзделген қаражат шегінде өз бетінше көтереді.

4. Осы Келісімде, сондай-ақ екі Тарапта қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарда реттелмеген мәселелер Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысының ұлттық заңнамасына сәйкес шешілетін болады.

## **14-бап**

### **Күшіне енуі және қолданылу мерзімі**

1. Осы Келісім Тараптар бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы жазбаша нысанда Келісімнің олардың елдерінде күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы хабарлаған күннен бастап екінші айдың бірінші күні күшіне енеді.

2. Тараптар кез-келген уақытта екінші Тарапқа өзінің Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы осыған дейін алты ай бұрын, жазбаша хабарлама жібере отырып, оның қолданылуын тоқтата алады.

2006 жылғы 5 желтоқсанда Брюссель қаласында әрқайсысы ағылшын, голланд, қазақ, орыс және француз тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Осыны куәландыру үшін осыған тиісті түрде өкілеттік ала отырып, төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БЕЛЬГИЯ КОРОЛЬДІГІНІҢ  
ҮКІМЕТІ ҮШІН ҮКІМЕТІ ҮШІН

Осымен 2006 жылғы 5 желтоқсанда Брюссель қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бельгия Корольдігінің Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль тасымалдары туралы Келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
С ы р т қ ы і с т е р м и н и с т р л і г і н і ң  
Х а л ы қ а р а л ы қ - қ ұ қ ы қ  
д е п а р т а м е н т і н і ң

*Басқарма бастығы*